



Тимур ҚАПАНОВ,
Алматы облысы
атқарушылық округының
жөке сот орындаушысы:

**«ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ
БОЛҒАНЫМЫЗБЕН,
ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘДЕНИЕТИМІЗ ТӨМЕН»**

4-бет



**ПЕРІШТЕ
ЖЕРГЕ
ТҮСКЕНДЕ**

8-бет

✉ zangazet@mail.ru

№73 (3604) 29 қыркүйек 2023



ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАНЫ БАСҚАНЫҢ ҚАЙҒЫСЫ БАСҚА



Елімізде отбасындағы жанжалдан зардап шегушілер саны өсуде. Жыл сайын полицияға осындай себеппен 100 мыңнан астам арыз түседі екен. Биылғы сегіз айдың ішінде 67 854 тұрмыстық зорлық оқиғасы тіркеліпті.

(Соңы 2-бетте)

Кәкімжан БИШМАНОВ, дінтанушы:

ДЕСТРУКТИВТІ АҒЫМДАР «АНАУ ХАРАМ, МЫНАУ ХАРАМ» ДЕП ДӘСТҮРДІҢ БЫТ-ШЫТЫН ШЫҒАРДЫ

Жер, су және тағы да табиғи байлықтарға қолжеткізу үшін қазір ешкім бұрынғыдай өзге елге басып кіріп, соғыс жарияламайды. Жаһандық ықпалдас-тықпен бірге қазір бұл үрдіс дінмен бүркемеленіп, ақпарат кеңістігінде қызу жүріп жатыр. Оған Таяу Шығыс пен Ауғанстан, Сирия, Ирактағы жағдай дәлел. Осыған орай «Қазақстандағы лаңкестік пен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық ұйымының жетекшісі, ғалым, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Кәкімжан БИШМАНОВ-ПЕН сұхбаттасқан едік.

– XXI ғасырда діни радикализмнің, әсіресе ислам дінінде шектен тыс белсенділікке ие болуын қалай түсінуге болады?

– Мен ең алдымен теолог емес, дінтанушымын. Содан кейін лаңкестік пен экстремизм бойынша сарапшы ретінде сіздің бұл сұрағыңыздың жауабын тарихпен байланыстырғым кеп отыр. Өзіңіз білесіз, атадан-балаға жалғасып келе жатқан салт-дәстүр, мәдениетін сақтаған елдің ешбірі тарихта ешқашан өзін жоғалтқан емес. Мәдениет пен діннің сабақтастығын сақтаған Азиядағы Қытай, Жапония, Корея, Сингапур, Малайзия сияқты елдердің тәжірибесі соның айқын дәлелі. Өкінішке қарай, мыңдаған жылдар бойы әлемдік өркениеттің үлкен орталығы болып келген қазақ жеріндегі мәдениет пен діннің сабақтастығы патшалық Ресей мен одан кейінгі Кеңес дәуірінде мақсатты түрде бұзылды. Бір кезде түрлі дін мен сенімдегі ұлт пен ұлыстың үлкен ордасы болған қасиетті жерде бүгінде діни радикализмнің сырттан емес, өз ішімізден бас көтеруі жайдан-жай емес. Бұл өзін мұсылман санайтын жамағаттың арасына жік салу арқылы оның жері мен байлығын талан-таражға салуды жоспарлаған ислам діні жауларының ұзақ уақыттан бері жоспарлап, мақсатты түрде жүзеге асырып жатқан іс-шарасының нәтижесі. Оны көзі ашық, көкірегі ояу, білім мен ғылымнан, ата-бабамыздың рухани мұрасынан тамырын үзбеген адамдар жақсы түсінеді. Ал әсіреқылға құмар болып, өз халқының салт-дәстүрі мен мәдениетінен нәр алмағандар өзінің наным-сенімін де өзгертіп, өзгелердің жетегіне еріп кетуде.

– Қазақ халқының патшалық Ресей дәуіріндегі бодандығы жүз жылдай уақытқа созылды ғой? Бір ғасырдың ішінде қалай бәрінен оп-оңай айырылып қалды?

(Соңы 5-бетте)

30 ҚЫРКҮЙЕК – ҚР ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ХАЛЫҚ КЕЛІП, КЕТКЕНДІ ЕМЕС, САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНДІ СЫЙЛАЙДЫ

Егеменді еліміз үшін әділет органдары мерекесінің маңызы зор. Конституцияның сенімді кепілі ретінде заң үстемдігін негізге ала отырып, адамның негізгі құқығын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық мемлекет құру – басты мақсат.

Түркістан облысының Әділет департаменті коммерциялық емес заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуді бақылауда, зияткерлік меншік құқығын қорғау саласы бойынша және құқықтық көмек көрсету, түсіндіруді қамтамасыз етуде, сондай-ақ сот актілерін орындау, нормативтік актілерді тіркеу қызметінде көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Бұдан бөлек, департаментке жүктелген міндеттерді, нәтижелі атқару өз жемісін берді. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтер онлайн көрсетілуде, Мемлекет басшысының азаматтарды мобильді қабылдау, шалғай ауылдардың тұрғындарымен кездесулер өткізу туралы тапсырмасына сәйкес «Құқықтық көмек» жобасы аясында

жергілікті волонтерлар мен әділет саласының қызметкерлері бірлесіп, халыққа байланыс құралдары мен әлеуметтік желілер, офлайн кездесулер, ашық есік күндерін ұйымдастыру арқылы кеңес беруді одан әрі жандандырып, халықтың құқықтық мәдениетін арттыруда аянбай еңбек етуде. Азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін көтеру, заңға құрмет сезімін ояту – барлық мемлекеттік органның стратегиялық бағыттарының бірі. Сондай-ақ, әділет органдары саласында бірқатар жаңашылдықтар орын алып отыр. Осы жылы «ҚР Әділет министрлігінің кәсіби қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестациядан өткізу және біліктілік беру жөніндегі мемлекеттік қызметтерін

автоматтандырылған режимде көрсету бойынша пилоттық жобасын іске қосу туралы» бірлескен бұйрығының негізінде 29 мамырдан бастап адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу толықтай автоматтандырылған түрде жүзеге асыру ережесі бекітілді.

Астана, Шымкент қалаларында және Түркістан облысында ЖСО, нотариустар, адвокаттар, сот орындаушылары мен патенттік сенім білдірілген өкілдерді автоматтандырылған режимде аттестаттаудан өткізу жобасы іске қосылды. Нәтижесінде маусым айында облыс аумағында нотариуске үміткер адамдардың 1-кезеңі бойынша 5 үміткер, жеке сот орындаушылардан 1 үміткер аттестаттаудан өткізілді.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 11 сәуірде ҚР ӘМ «Цифрлық нотариат» пилоттық жобасын іске қосу туралы бірлескен бұйрығы бекітіліп, республика аумағында сенімхаттарды онлайн

куәландыру жұмысы іске қосылды. Осы бағытта сенімхаттарды онлайн куәландыру бойынша Түркістан облысы аумағында 37 нотариус пилоттық жобаға қатысуда.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу саласындағы заңнамадағы жаңашылдықтың бірі – жергілікті мемлекеттік басқару органдарының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру жөніндегі Әділет министрлігінің функциясы аумақтық әділет органдарына берілді. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік корпорация көрсетеді. Облыс бойынша 586 (2022ж. 6 айы-524) заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетілген. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бағыты бойынша жалпы 74219 (2022ж.6 айы-36661) мемлекеттік қызмет көрсетілсе, облыс бойынша 37160 (2022ж.6 айы-37893) азаматтық хал актілері тіркелді.

(Соңы 2-бетте)

ХАЛЫҚ КЕЛІП, КЕТКЕНДІ ЕМЕС, САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНДІ СЫЙЛАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заң қызметін ұйымдастыру және лицензиялау бойынша облыстағы нотариустардың жалпы саны – 205 (2022 ж. – 198). 2023 жылдың I жартыжылдығында өздерінің өтініштері бойынша 1 нотариустың лицензиясы уақытша тоқтатылған.

«Е-заң көмегі» ақпараттық жүйесі мен заң консультанттар палатасы, құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мен атқарушылық өндірісті қамтамасыз ету бойынша жасалған жұмыстар көп.

Облыс көлемінде мемлекеттік сот орындаушылар саны – 13 (2022ж. 6 айында-17), жеке сот орындаушылары саны –147 (2022ж. 6 айында-148).

ҚР Әділет министрлігінің 2023–2027 жылдарға арналған даму жоспарындағы сот актілерін орындау тиімділігін арттыру бойынша нысаналы индикаторлардағы межелі көрсеткіш 30,7% жетіп (2022ж. 6 айы – 24,2%), 7,7% артығымен орындалуда (жоспарлы мәні – 23%).

2023 жылы алимент өндіру мәселесі бойынша 89 борышкер әкімшілік жауапкер-

шілікке тартылды. 2023 жылдың I жартыжылдығында Түркістан облысы бойынша жеке сот орындаушылары тарапынан үш айдан астам берешегі бар алимент төлеуші 136 (2022 ж. 6 айы-107) борышкерлердің тізімі қалалық, аудандық халықты жұмыспен қамту орталықтарына ұсынылды. Сондай-ақ, осы азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында 2023 жылдың I жартыжылдығында қалалық, аудандық халықты жұмыспен қамту орталықтарының ұйымдастыруымен 26 «Бос орындар» жәрмеңкесі өткізілген. Борышкерлердің мүлкін тәркілеу бойынша орындауда 259 болып, оның ішінде 160-ы аяқталған.

Жыл көлемінде бөлімге мүлік тәркілеу бойынша 259 атқару өндірісі орындауға түсті. Оның ішінде 160 атқару өндірісі орындалып, атқару құжаттарының орындалуы 61,7% құрады.

Бөліммен мемлекет пайдасына тәркіленген негізгі айғақты заттар: автокөліктер, жанар-жағармайлар, мотокөліктер, алкоголь және темекі өнімдері, теледидарлар, компьютерлер және оның құрылғылары, терминал аппараттары, ұялы телефондар, қайықтар және қайық моторлары, балықтар, сексеуіл ағаштары және дәрілік заттар, яғни ҚР Үкіметінің



Мұхит ТҰРҒАРАЕВ, Түркістан облысы Әділет департаментінің басшысы

№404 қаулысы негізінде жергілікті атқарушы органға және Түркістан облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментіне айғақ заттар өткізілді және ақша-қаражаттары бойынша 150 700 теңге мемлекет пайдасына бөлінгенді.

30 қыркүйек – Әділет органдары қызметкерлерінің күні. Бұл атаулы күн 2012 жылдан бастап аталып өтіліп келеді. Ел егемендік алған сәттен бастап ҚР Әділет министрлігі мен оның аймақ құрылымдары-бөлімшелері мемлекеттік қызмет жүйесін құқықтық тұрғыдан қамтып, кәсіби біліктіліктерін жоғары дәрежеде дәлелдеп келеді. Еліміздің заңнамалары аясында әділетті қызмет атқарып келе жатқан бұл органның қай салада болсын алар үлесі ұшан-теңіз. Алға қойылған міндеттер бізге көп мақсаттар жүктейді. Аға буынның жинақтаған мол тәжірибесі мен жалынды жастардың арқасында әділет органдарының қалыптасқан жүйесі жаңа сынақтарға қарсы тұрып, өз міндетін табысты атқаратынына сенімдімін. Баршаңызға жемісті жұмыс үшін алғыс білдіремін!

Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАНЫ БАСҚАНЫҢ ҚАЙҒЫСЫ БАСҚА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл «ерлі-зайыптының ортасына есі кеткен түседі» деп мәдениеттілік танытатын мәселе емес. Өйткені, тұрмыстық зорлық құрбандарына ғана зардап шектірмей, қоғамның тұтастығына кері ықпал етеді, әлеуметтік тәртіпке қауіп төндіреді. Осы оқиғадағы ең қорғансыз жан – баланың психикасына ауыр әсер етіп, оның эмоционалдық, рухани дамуын тежейді. Теріс әдеттерді сіңіріп, қоғамға зиянды адамдарға айналдырады. Мұның салдарын айтып жеткізу мүмкін емес.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша әйелдердің отбасында зорлық көруі әлемдегі адам құқын бұзудың ең көп тараған түрі екен. Бүгінде шамамен әрбір үшінші әйел осындай жағдайға ұшырайды. Әлемдегі кісі өлтіру қылмысының 38 пайызы әйелге қарсы жасалады. Бұл мәселені әр ел өзінше шешуге тырысуда. Қазақстан да соңғы он жылда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы біраз шара қабылдады. Өкінішке қарай, олардың нәтижесі айтарлықтай болмай тұр. Жоғарыда айтып өткеніміздей, отбасындағы жанжалдан зардап шегушілер көбейген үстіне көбейіп бара жатыр. Не істеу керек?

Парламент Мәжілісінің заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінде өткен отырыста осы сауал қойылып, жауап ізделді. Жалпы жиын тізгінін ұстаған заңнама және құқықтық реформа комитетінің төрайымы Снежанна Имашева атап өткендей, Төменгі палатаның бұл мәселені осындай кең ауқымда көтеруі бірінші рет емес. Осыдан алты жыл бұрын тұрмыстық зорлық-зомбылық – Үкімет сағатының тақырыбы болған. Ол кезде мұндай құқықбұзушылықтардың жария етіле бермейтіні, жанжал шығарушыларды жауапкершілікке тартудың қиындығы жайлы айтылған еді. Бұл мәселені шешу үшін денсаулыққа жеңіл зиян келтіру және ұру қылмыстық кодекстегі қылмыстық қылықтар болды. Үкімет сағатында оларды Әкімшілік кодекске ауыстыру ұсынылды. Одан соң Парламент тиісті түзетуді қабылдады. Бірақ бұдан жауапкершілікке тартылғандар саны артқанымен, мәселе азаймады. Одан соң қылмыстық қылық үшін қайтадан жауапкершілік күшейтілді.

Жиында баяндама жасаған Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеханың айтуынша, осы мәселенің



төңірегінде дау ұзаққа созылған. Бір тарап мұны жауапкершілікті арттырып, бас бостандығынан айыруға дейін әкелетін шарамен шешу керек десе, бір тарап бұл мәселеге абайлап, отбасын сақтау, отбасы мен жеке өмір құпиясын қорғау тұрғысында келуді ұсынады. Екеуін де іс жүзіне асыру оңай емес. Мәселен, жауапкершілікті күшейту бағытында бұған дейін жасалған қадам өзін ақтамады. Бұған сотқа дейінгі және сот өндірісінің әкімшілік өндірістен бөлектігі себеп бюрократияға толы екендігі жәнелі болған. Аталған құқықбұзушылық жеке айыптау ісіне қатысты болғандықтан полиция айғақтар жинау, сотқа құқықбұзуды қылығының заңға қайшы екенін дәлелдеу мүмкіндігінен айырылды. Сол секілді құрбандықтың құқықбұзушылық жайлы дәлелді және ренжітушіні өзі сотқа жеткізу сынды ақылға сыймайтын талаптар болды. Бұл қаржылық, психологиялық, физиологиялық жағынан өте ауыр іс еді.

Сол секілді санкция яғни, құқықбұзушылық үшін 200 АЕК көлеміндегі айыппұл отбасы бюджетіне үлкен салмақ салды. Бұл орайда үлгері болмағандықтан құқықбұзушыны ұстау шарасы қолданылмады. Үшіншіден, қорғау ұйғарымы және құқықбұзушының тәртібіне ерекше талаптар тетігі жұмыс істемей қалды.

Қылмыстық кодекс бүгінгі күнге дейін шектеу шараларын қолдануға мүмкіндік бермейді. Осы себеппен учаскелік инспекторлардың отба-

сасында біраз шара қабылдады. Бірақ түпкілікті шешімді сот қабылдайды. Заң қабылданған соңғы екі ай ішінде үй тирандарының саны 3 есеге артқан. Тұтастай алғанда қоғамда зорлыққа төзбеу үрдісі қалыптасуда. Қолданған шараның нәтижесінде отбасында жасалған қылмыстық құқықбұзушылық саны азайғаны байқалады.

Қылмысты жасаушылардың 80 пайызы 30-дан 50 жасқа дейінгі еркектер. Олардың 74 пайызы тұрақты жұмысы жоқ. 90 пайызының кәсіби және жоғары білімі жоқ. Ал, зардап шегушінің 78 пайызы әйелдер. Көбіне агрессорға материалдық және психологиялық тұрғыда тәуелді болатын солар. Мұндай әйелдер жылдар бойы қорлық пен соққыға көнеді. Осы фактілерді ортаға салған министрлік өкілі: «Ғалымдар әлдеқашан отбасылық зорлықтың нағыз шындығы әлеуметтік орныссыздық, қиын өмір жағдайынан моральдық-адамгершілік құндылықтардың құлдырауы, маскүнемдік, нашақорлық, құмар ойындарына әуестік екенін дәлелдеп отыр. Бұл орайда мемлекеттің рөлі жоққа тән. Бәріне тек полиция жауап береді. Қоғамда осындай түсінік қалыптасқан. Бұл орайда туыстар, әріптестер, достар, көршілердің құқықбұзушының санасына әсер ете алатын мүмкіндігі ескерілмейді» – деді. Оның айтуын-

шараның 5 мыңын ғана мәжбүрлеп емдеуге шешім шығарған. Бірақ бос керуеттің жетіспеуінен бүгінде 3400 адам ғана ем қабылдауда. Бұл мәселені шешуге үкімет қадам жасағанымен, оның негізгі себептері жойылмайды. Өйткені, бізде тек тұрмыстық зорлық құрбандарына ғана көмек көрсетіледі. Ал, агрессорларға жазалау шаралары қолданылады. Бұл көбіне оларды одан сайын қатыгез етеді. Осы мақсатта Ішкі істер министрлігі халықаралық тәжірибені зерделеуде. Мәселен, Германияда Канаданың «ОДАРА» қауіпті бағалау әдістемесі кеңінен қолданылып жатыр. Бұл агрессорлардың зорлық әрекеттерін қайталау қаупін болжайды. Оның шындығы 72 пайызға тең. Сонымен қатар агрессордың тәрбиесімен азаматтық қоғам өкілдері айналысады. Яғни, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты мәселелерді шешу агрессордың сөзсіз бас болатынынан айыруға емес, оның толық өмірге оралуына және зардап шеккен тараппен татуласуына бағытталған. Бұл тәсіл полицияның жалпы үйлестіруімен барлық уәкілетті органдар мен азаматтық қоғам арасындағы нақты өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Бұл құралды сынау үшін Ішкі істер министрлігі ағымдағы жылы Астана (Сарыарқа ауданы), Алматы (Бостандық ауданы) және Павлодар қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп, пилоттық жобаны жүзеге асырды. Құпиялылық пен еріктілікке негізделген шара осы жылдың тамыз айынан бастап бүкіл елге тарайды.

Сөз алған депутаттар бұл шараны құптап жатты. Олар да шаралардың жазалауға емес, тәрбиелеуге бағытталып, отбасын сақтауды мақсат етуі қажеттігін атап көрсетті. Тіпті, депутат Амантай Жарқынбек тұрмыстық жанжал туса, әйелін күйеуімен бірге қамау керек деп айды аспанға бір-ақ шығарды. Оның бұл сөзіне отырыста біраз әйелдер қарсы болып, дауласты. Алайда, ол өз ойынан қайтпай, «Ал гендерлік саясатымыз қайда? Дұрыс емес. Мынаны түсінуіміз керек: біздің еліміз, біздің жеріміз өте үлкен аумақты қамтиды. Бізде оңтүстік пен солтүстіктің, шығыс пен батыстың менталитеті бір-біріне ұқсай бермейді. Осы өңірлердің жастары бір-бірімен отбасын құрады. Әртүрлі тілде сөйлеп, әртүрлі ұстанымда болады. Олар отбасы болып қалыптасқанша, ұрыс-керіс те орын алады. Ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Әр ыдыс-аяқ сынған сайын күйеуін апарып қамап тастайтын болсақ, көпшілігі қайтадан отбасы бола алмай, қосылмай кетеді», – деді. Депутаттың ойынша, қазақта намыс, ұят деген бар. «Мені қаматып тастаған әйелдің қасына барғанша, өлгенім артық» дейтін ер адамдар шығады. Ондай азаматтар біздің қоғамда өте көп.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ, «Заң газеті»

Бүгінде құқық бұзушылардың 92 пайызы жауапкершілікке тартылуда. Бірақ, түпкілікті шешімді сот қабылдайды. Заң қабылданған соңғы екі ай ішінде үй тирандарының саны 3 есеге артқан. Тұтастай алғанда қоғамда зорлыққа төзбеу үрдісі қалыптасуда. Қолданған шараның нәтижесінде отбасында жасалған қылмыстық құқықбұзушылық саны азайғаны байқалады.

сылық жанжалшыларды есепке алып, бақылау мүмкіндігі болмады. Тұрмыстық зорлық жасырын сипат алып, жүйелі жанжалдар отбасылық қарым-қатынастың қатал формасына ауыса бастады.

Мемлекет басшысының былтырғы жылғы жолдауында тұрмыстық зорлыққа қатысты жауапкершілікті күшейту жөніндегі тапсырмасына сәйкес былғы 1 шілдеде жанжал жасаушыларға әкімшілік жауапкершілік қабылданды. Осы заңнамалық түзетулерге сәйкес полиция отбасылық құқықбұзушыларды мәлімдеушіден, анықтаушыға айналды. Зардап шегушілер өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген сәтте полицияға бірден жүгінгеннен, тәртіп сақшылары келген кезде шағым жазудан бас тартатын. Тек былтырдың өзінде 70 мың осындай жағдай тіркелді. Көбіне полиция кеткен соң кикілжің отбасында жалғасып, кейде арты ауыр жағдайға әкеліп соққан. Аталмыш өзгерістер зардап шегушінің арызынсыз іс қозғауға мүмкіндік берді. Бүгінде құқық бұзушылардың 92 пайызы жауапкершілікке

са, құқық бұзушыларды қоғамнан оқшаулау қиын. Өйткені, елімізде бар болғаны 35 уақытша бейімдеу және арақтың ұтытын жоятын, яғни халық арасында «медициналық айықтырғыш» деп аталатын орын бар. Бұл өте аз. Биыл оларға 140 мың орташа деңгейдегі мас адам қонып шығыпты. Күннің алғашқы жартысында айықтырғыш толықтай толады. Ал, негізінде мастардың дені кешкі және түнгі уақытта түседі. Мұндай орындар кейбір облыстарда мүлде жоқ. Маскүнемдікке салынғандарды мәжбүрлеп емдеу мәселесі шешілмеген. Оған азаматтарды жіберу жолы шектен тыс бюрократияға толы. Мұндай адамдарды емдеуге негізінде учаскелік инспекторлар ғана мүдделі болады. Өйткені, бұл жанжал туғызушыларды жақындарынан 6 айдан 2 жылға дейін оқшаулау арқылы қылмыстың алдын алуға мүмкіндік береді. Алайда, наркологиялық мекемелердің қызметкерлері тиісті шешім қабылдауға құлықсыз. Амалсыздан полициялар бұл жұмысты өз қаржысына реттеуге мәжбүр. Қазір 62 мың адам наркологиялық

БАСҚОСУ

ҮЛКЕН БИЗНЕСКЕ ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС ҚАЖЕТ

Отандық және шетелдік компаниялардың 300-ден астам жетекшісі Алматыда Қазақстан экономикасын өзгертудің өзектілігін талқылады. Оған ұйытқы болған Kazakhstan Growth Forum корпоративтік қоры мен Centras компаниялар тобы.

Форум төрағасы Елдар Абдрақовтың айтуынша, дәстүрлі түрде жыл сайын өтетін бұл форумда биыл басты назар стратегиялық трансформацияға аударылып отыр. Өйткені, ел үкіметі әрдайым стратегияны анықтауға тырысқанымен, ондағы белгісіздіктер азаймауда. Кейде олар алдымызда тұрған өзгерістерге сәйкес келмей қалады. Мәселен, былтырғы форумда жаңа бағыт пен нарықтағы жаңа өзгерістер туралы айтылды. Өйткені, геосаясатта да, бизнесте де орта өзгерген болатын. Олар әрдайым алдағы жылы болатын өзгерістерді жоспарлауға тырысады. Мұндағы ұсыныстардың кейбірі жүзеге асады, кейбірі назардан тыс қалады. Бұл жердегі ең маңызды мәселе өзгерісті өлшеуге, бағалауға қатысты болып отыр. Былтыр экономиканың түрлі салаларындағы бірінші басшылардың өзгеруі 30 пайызды құрады. Ал коммуникация саласында басшылардың тең жартысына жуығы өзгерген. Алайда бұл өзгерістер компаниялардың тұрақты дамуына қаншалықты тиімді әсер еткені әзірге белгісіз болып отыр.

Сентрас Секьюритиз компаниясының басқарама төрағасы Талғат Қамаровтың айтуынша, жылдық табысы 1 млрд теңгеден асатын, қаржылық есептері ашық дерек көздерінде жарияланатын, қаржылық есептілігі аудителетін көшбасшы 500 компанияның еліміздің жалпы

ішкі өніміндегі жалпы табысы 2022 жылы 47,8 пайызды құрады. Олардың 26 пайызы жеке секторда, 29 пайызы мемлекеттік секторда.

Сарапшылардың сөзіне қарағанда, Қазақстанның стратегиялық даму бағдарламаларында технологиялық өзгеріс, инвестиция, инновация туралы көп айтылғанымен, саяси және экономикалық басқару жүйелеріндегі өзгерістің баяулығы оның түпкі нәтижесіне өз ықпалын тигізуде. Мысалы, Kaspi.kz басшысы Михаил Ломтадзениң пайымдауынша, дамыған елдердің экономикасында шағын және орта бизнестің рөлі басым. Онда әрбір ірі компанияның айналасында мыңдаған шағын бизнес шоғырланған. Олар осындай жолмен алға қарай жылжиды. Ал жер астынан қазып алған шикізатты өңдеп, дайын өнім өндіру мен оны құбыр арқылы сыртқа жөнелтудегі айырмашылық жер мен көктей. Оны түсіну үшін Қазақстанда жаңа, ескі деп жай ғана айта салуға болмайды. Алдымен олардың анықтамасын табу керек. Онсыз Жаңа Қазақстанның Ескі Қазақстаннан еш айырмасы болмайды.

Осы арада Мемлекет басшысының 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауы еріксіз еске түседі. «Жаңа экономикалық саясатта жүзеге асуы екіталай, ұзақ мерзімді мақсат қоюға болмайды. Осы жолдауда айтыла-

тын міндеттің бәрі үш жылдың ішінде орындалуға тиіс. Ал аса күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітіледі», – деген Президент экономиканың құрылымына қатысты реформаның негізгі тұстарына арнайы тоқталған.

«Соңғы жылдары қабылданған шаралардың арқасында шағын және ірі бизнес тұрақты дами бастады. Алайда орта кәсіпкерліктің даму қарқыны әлі де бәсең. Жаңа экономикалық үлгіге көшу үшін оны «қолмен көтеруге» тура келеді. Ең алдымен, орта бизнестің дамуын тежеп тұрған кедергілерді жою қажет. Орта кәсіпкерліктің басым бөлігі әбден дамыған кезде бөлшектеніп кетеді. Өйткені, оларға шағын бизнес деңгейінде қалған әлдеқайда «қолайлы». Үкімет шағын бизнесті өзара бірігіп, ірі кәсіп иелері болуға ынталандыру үшін заңға өзгерістер енгізуі керек. Еліміздің нарығында белсенді жұмыс істеп жатқан табысты орта кәсіпорындар көп емес. Оларға қолдау көрсету қажет. Мұндай кәсіпорындардың әрқайсысына қатысты нақты жоспар әзірлеу керек. Сол арқылы олардың өндіріс қабілетін арттырып, өнім көлемін екі-үш есе көбейту қажет. Бәсекелестік дамымаса, бизнес те өркендемейді. Бұл – айдан анық. Қазір негізгі салалардың көбінде бірнеше ірі кәсіпорын басымдыққа ие болып отыр. Бұл жағдай нарықтағы шынайы ахуалды көрсете алмайды», – деген болатын Мемлекет басшысы.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

Антына адал ақ халатты абзал жандардың әр ісі ерлікпен пара-пар. Олар басы ауырып, балтыры сыздап, дертіне дауа, жанына шипа іздеп келген қарашаға қалтқысыз қызмет етеді. Адам жанының арашасына айналған бұл кәсіп иелерінің қызметі қиындыққа толы.



СЫР МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ҚАТАРЫ ЖАСТАРМЕН ТОЛЫҒУДА

Ұзақ жылдар білім алып, үлкен тәуекелдерге баратын мамандықты таңдауға екінің бірінің жүрегі дауалай қоймайтыны да түсінікті. Қазіргі күні отандық медицина саласы күн санап дамып келеді. Бүгінгі ертең-ақ ескінің кебі киетін уақытта жаңашаланып, соңғы өзгерістерге бейімделу керектігі айтпай-ақ аян. Біздің отандық дәрігерлер де сол межеден мүдірмей келеді.

Қызылорда облысында бүгінгі таңда 2860 дәрігер, 10721 орта буынды мамандар медициналық қызмет көрсетеді. Нақтырақ айтар болсақ, 2499 дәрігер, 9762 орта буынды медицина қызметкері – мемлекеттік медицина ұйымдарында, жекеменшік ұйымдарда 327 дәрігер, 909 орта буынды маман, ведомстволық ұйымдарда 34 дәрігер, 50 орта буынды медицина қызметкерлері жұмыс істейді. Өңір халқының медициналық қызметтерді алу қолжетімділігі бойынша облысымыз республикада алдыңғы қатарда. Өткен жылдың көрсеткіші бойынша көшбастап, бірінші орынға тұрақтады.

Денсаулық сақтау саласындағы дәрігер-мамандар тапшылығы жылдан жылға азайып келеді екен. «Болжам бойынша 2025 жылға дейін маман жетіспеушілігі мәселесі түбегейлі шешімін табады», – дейді мамандар. Облыс әкімдігінің тарапынан мамандар тапшылығын азайту, кәсіби білікті мамандарды тарту және тұрақтандыру мақсатында жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылуда. 2017 жылдан бастап медицина саласында сұранысқа ие жалпы тәжірибелік дәрігерлерді даярлауға – 147, тар буынды мамандарды резидентурада даярлауға – 131 облыс әкімінің гранты бөлінген. Қазіргі күні грант иегерлерінің 96-сы оқуларын сәтті аяқтап, облыс орталығында және аудандық, ауылдық медицина мекемелерінде қызмет етуде. Биыл да грант бөлу ісі қолға алынып, 24 жоғары медициналық оқу орындарының түлектері оқуларын резидентурада жалғастыруға мүмкіндік алды. Нақтырақ айтар болсақ, алдағы уақытта аймақтарда медицина саласы – 4 нефрология, 5 радиология, 4 ревматология, 4 неврология, 2 акушер-гинекология, 1 травматология, 1 дерматовенерология, 1 онкология, 1 кардиология

және 1 эндокринология мамандарымен толыспақ.

Бүгінгі күні барлығы 59 резидент еліміздің 10 жоғары оқу орындарында даярлануда. Жергілікті бюджет есебінен бөлінген грант жеңімпаздарынан жауапкершілік талап етіледі. Олардың оқуын бітіргеннен кейін өңірге келіп қызмет етуі қадағаланады. Дегенмен, даярланған резиденттердің 13,7 пайызы өңірімізге қайта келмеген. Оқудан шығып қалу, басқа аймаққа тұрмыс құру, республикалық маңызы бар аймақтарда жұмысқа қабылдану себептерімен облысқа оралмағандар саны – 18. «Ондай жағдайда оқу ақысы толық өңір қазынасына қайтарылады», – дейді мамандар.

Сыр медицинасының сапына қосылғандардың қатарында жастардың да үлесі басым. Биылғы қыркүйек айының 11-і күнгі мәлімет бойынша барлығы 50 жас маман облысымызға келіп жұмысқа қабылданған. Оның 25-і Қызылорда қаласындағы емдеу ұйымдарына, 25-і аудандарға жолдама алды. Барлығы дерлік кәсіби білікті, білімін жетілдірген кадрлар. 26-сы интернатурадан кейінгі жалпы тәжірибелік дәрігерлер, 24-і резидентураны бітірген тар буынды мамандар. Олардың қатарында неонатолог, травматолог, анестезиолог-реаниматолог, эндокринолог, нефролог, акушер-гинеколог, дерматовенеролог, аллерголог-иммунолог, педиатор мамандар бар. Жастарға мемлекеттік қолдау қарастырылған. Әлеуметтік қолдау бойынша республикадан бөлінетін әлеуметтік себептен бөлек, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 500 АЕК көлемінде бірмезеттік көтермеақы беріледі. Атап айтар болсақ, 2021 жылы – 20, 2022 жылы – 39, 2023 жылы – 20 адамға қарастырылған.

Қазіргі таңда Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті және С.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университеті арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасаған. Келісім аясында өңірдегі мамандар тапшылығы мәселесі шешілмек.

Шернияз
ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

КӨКЖИЕК

Жетісу облысындағы «Жас құтқарушы» кадет сыныптарының саны үшке жетті. Бұл жолы ол азаматтық қорғау органдарының 27 жылдығы және Құтқарушылар күні қарсаңында Жетісу облысы Панфилов ауданындағы Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепте ашылды. Ашылу рәсіміне Панфилов ауданының әкімі, Жетісу облысы ТЖД басшылығы мен қызметкерлері, ата-аналар және мектеп ұжымы қатысты.



«ЖАС ҚҰТҚАРУШЫ» КАДЕТ СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ



– Кадет сыныбын құрудың мақсаты табиғи және техногендік сипаттағы түрлі төтенше жағдайлар кезінде жедел дұрыс шешім қабылдау білімі мен дағдыларын дамыту,

өрт қауіпсіздігінің алдын алу, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Курсты даярлау 11-сыныпты бітіргенге дейін

курсанттарға кураторлық мектептің әскери басшысына жүктелген, – дейді Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Данияр Тлеуханов. Оның айтуынша, облыстық білім басқармасының келісімі бойынша оқушылардың осы санаттағы оқу бағдарламасына азаматтық қорғау, алғашқы әскери даярлық бағыттары бойынша мамандарды, оның ішінде ТЖД қызметкерлерін тарта отырып, алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету саласында қосымша сабақтар мен факультативтік сабақтар енгізілді. Кадет сыныбында оқу оқушылардың үлгерім деңгейіне және жалпы тәртіпке оң әсер етті. Жас кадеттер саптық дайындықпен айналысады, мектеп және ведомстволық іс-шараларға белсенді қатысады. Соның нәтижесінде кадет сыныптарының танымалдығы артты, бұл оларды бүкіл аймақ бойынша құруға себеп болды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ИГІ ШАРА

Жыл сайын жылыту маусымы басталар алдында, адам өмірі мен денсаулығы, мүдікті және қоршаған ортаны өрттен қорғау бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі.

Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаменті де 15 тамыздан бастап 15 қыркүйекке дейін «Өрт қауіпсіздігі» айлығын өткізді. Олар полиция қызметкерлері мен қоғамдық бірлестіктер еріктілермен бірлесіп,

«ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ» АЙЛЫҒЫ ӨТТІ

жылыту кезеңінде қаза болу және жарақат алу қаупін азайту мақсатында профилактикалық үгіт-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ, әлеуметтік тәуекел тобына кіретін отбасылардың тұрғын үйлеріне датчиктер орнату бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды да назардан тыс қалдырмады.

«2023–2024 жылдардағы жылыту кезеңінің басталуы қарсаңында облыс аумағында халықтың әлеуметтік осал топтарының азаматтарына комиссиялық аралау жүргізілді.

15 қыркүйектегі мәлімет бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарының 9083 үйі профилактикалық жұмыстармен толық қамтылды. Он төрт мыңға жуық (13 857) азаматқа нұсқау берілді. 2023–2024 жылдары 630 улы газды және түтінді анықтау датчиктерін орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда 136 датчик сатып алынып, 40 датчик орнатылды», – деді Жетісу облыстық төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Сергей Огай.

Оның айтуынша, «Өрт қауіпсіздігі айлығы» басталғалы бері өрт сөндіру бөлімдеріне 51 рет экскурсия ұйымдастырылып, 758 адам қамтылды. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында 270 материал, әлеуметтік желіде – 1287 материал жарияланып, үгіт-насихат материалдарын тарату бойынша – 25674 жадынама мен брошюра таратылды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ



Тимур ҚАПАНОВ,

Алматы облысы атқарушылық округының жеке сот орындаушысы:

«ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ БОЛҒАНЫМЫЗБЕН, ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗ ТӨМЕН»

– Тимур Қалдауұлы, сот актілерін орындау бойынша тәжірибелі маманның бірісіз. Жеке сот орындаушылардың бүгінгі жүктемесі қалай?

– Жеке сот орындаушылар институтының сот актілерін дер кезінде орындау мақсатында тәжірибеге енгізілгені белгілі. Бұл институт бүгінде өзіне жүктелген межеден табылып отыр. Себебі, жеке сот орындаушылар қызметінің артықшылығы өте көп. Ең алдымен жеке сот орындаушылар өзін-өзі қаржыландырады, бюджеттен жалақы алмайды. Өз айлығы мемлекет қазынасына қайтарылған қаржының белгілі бір пайызына тәуелді болғандықтан, әрбір жеке сот орындаушы сот актілерін жедел, сапалы орындауға мүдделі.

Жеке сот орындаушылар көрсететін қызметтің де аясы кең. Олар – иесі болғанымен пайдаланылмай жатқан жайылым, егістік жерлерді мемлекет меншігіне қайтару, үйге заңсыз кірген, заңсыз жер телімін алған, жерге заңсыз баспана салғандармен қатар, несиесін, қарызын төлемей қашып жүргендерге қатысты шыққан сот актілерін орындау солардың құзырында. Әрине, жүктеме аз емес. Әсіресе, алиментке байланысты берешекті өндіру қорғамы қиын мәселенің бірі. Бірақ, соған қарамастан, әріптестеріміз өзіне жүктелген міндетті талапқа сай орындауға бар күш-жігерін салып келеді.

– Жеке сот орындаушылар жұмысының қиындығы неде?

– Біздің елімізде мемлекеттік сот орындаушылар мен жеке сот орындаушылар атқарушылық құжаттарды

қатар орындайды. Бұл екі мекеме де Әділет министрлігіне бағынышты. Өзім 2020 жылдан бастап жеке сот орындаушысы болып жұмыс істеймін. Сол кезден бері талай атқару құжаты қолымыздан өтті. Дегенмен, соның ішінде алимент берешегін өндіру аса күрделі екенін айта кету керек. Алимент өндіру әлеуметтік маңызды категорияға жатады. Сол себепті, кәмелетке толмағандарға тиесілі ақшаны өндіру Әділет министрлігі мен прокуратура тарапынан қатаң бақылауда ұсталады. Алимент өндірудегі негізгі түйткіл ата-ананың жауапсыздығына байланысты. Ажырасқан соң кейбір ата-аналар өз балаларына алимент төлеуден қашады. Мекенжайын жасырады, жұмыс орнын, нақты табысын көрсетпейді, жиған-тергенін туыстарының атына жазады, алиментті аз төлеу үшін түрлі құйтырлыққа барады. Ал біз тиісті заңнамаға сүйене отырып берешекті өндіруге, қарызын уақытында қайтармағандарға пәрменді шаралар қолдануға күш саламыз. Кез келген жеке сот орындаушы заң шеңберінде ғана әрекет жасайды. Бірақ, кейбір азаматтар сот актілерін орындауға кедергі келтіріп, кейбіреуі қоқан-лоққы көрсетеді, кейбірі жоғарыдағы таныстарымен қорқытады. Телефон арқылы балағаттайтындар да аз емес. Құқықтық мемлекет болғанымызбен, әлі құқықтық мәдениетіміз төмен.

– Халықтың атқарушылық құжаттарды орындау мәдениетін қалыптастыру үшін қандай шаралар жасалуда?

– Азаматтардың құқықтық сауатын, құқықтық мәдениетін көтеру

қазір өте өзекті. Себебі, көпшілігі құқықтық, қаржылық сауатының төмендігінен оны жеп жатады. Әсіресе, оңай ақша алуға (кредит) құмар жастар, студенттер қарызға белшесінен батуда. Қатарынан қалғысы келмеген жастар айналасындағыларға қызығып әдемі киінгісі, қымбат ұялы телефон, ноутбуктар ұстағысы келеді. Осы қызығушылықпен жедел несиелерге ұрынады. Мұндай несиенің пайызының жоғары екеніне, өзінің қарызды қайтару қабілетінің төмендігіне назар аудармайды. Тек ай сайын берешекті берер кезде ғана қателескенін түсінеді. Ал қарыз беруші ешкімге кенді жасамайды. Осылайша берешек уақыт өткен сайын өсе береді. Ақыры қаржы ұйымдары қарызды сот арқылы қайтаруға мәжбүр болады. Өкініштісі, баласының қарызын көбінесе ата-ана, туыстары қайтарып жатады. Осындай кемшіліктер орын алмас үшін халықтың құқықтық, қаржылық сауатын көтеру бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуі керек. Біз өз тарапымыздан үнемі жұртшылықпен жүздесіп, сот актілерін орындамаудың салдарын түсіндіруге тырысамыз.

– Жеке сот орындаушыларға алғыс айтып, ризашылығын білдіретіндер көп пе?

– Біздің қоғам жақсылықты айтқаннан, кемшілікті көрсетуге әуес.

ҚҰНДЫЛЫҚ

ТІЛ БҰЗЫЛҒАН ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР

Мемлекеттік тіл мемлекеттік рәміздермен теңдей құндылыққа ие. Сондықтан қазақ тілінің қолданысына ғана емес, тіл құнарының сақталуына, тіл байлығының төмендеуіне мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінуі керек.

Біздің елімізде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі Ата Заңымызбен, «ҚР тіл туралы» заңымен бекітілген. Осы құжаттарға сүйене отырып барлық салада қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге қатысты кешенді шаралар қолға алынады. Соның ішінде отандық сот жүйесі де бар.

Қазір қай сотқа барсаңыз да арыз-шағымдар мен құжаттардың үлгілері қазақ тілінде жазылып, ұсынылады. Сот ғимаратының көрнекі жеріне ілінген нұсқаулықтар, үлгілер, заңдық түсіндірмелер тек мемлекеттік тілде жазылған. Келушілерге жол көрсетіп, кеңес беретін кеңсе мамандарының барлығы қазақ тіліне жүйрік. Өйткені, бүгінде мемлекеттік қызметке қабылданған мамандардың мемлекеттік тілді жетік меңгеруі міндет. Бұған қоса, кеңсе мамандарының тәжірибесін шыңдап, біліктілігін көтеру мақсатында үнемі тренинг, дәрістер ұйымдастырылып тұрады.

Соттың шығыс құжаттары толықтай қазақ тілінде жүргізілетіні де айта кетуіміз керек. Ал сот қоржынына түскен сұраныс хат, сауалдар қай тілде берілсе, сол тілде жауап қайтарылады. Бүгінде соттағы жиын, басқосуларды да мемлекеттік тілде өткізіп, сот актілерінің мемлекеттік тілде сауатты да сапалы жазылуына ден қойылуға. Көріп отырғанымыздай, сот жұмысы тарапынан қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге барлық жағдай жасалып, барлық мүмкіндік ескеріліп отыр. Алайда, мемлекеттік тілге қатысты елімізде қалыптасқан мәселелерді сот, прокуратура, құқық қорғау органдарының күшімен реттеу мүмкін емес. Шын мәнінде, мемлекеттің қазақ тілінде «сөйлеуі» халықтың қалауына, ниетіне баланысты.

Мысалы, Азаматтық процесстік кодекстің 14-бабында, Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 738-бабында Қазақстанда азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу тілі қазақ тілінде, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылатыны көрсетілген. Процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады. Міне, осы негізгі заңнамаларда дәйектелгендей, азаматтардың өз арыз-шағымын мемлекеттік тілде жазуына, мемлекеттік тілде қаралуын талап етуіне ешқандай кедергі жоқ. Керісінше, барлық заңдар мемлекеттік тілді басты орынға шығарып отыр. Алайда, осындай басымдық болғанына қарамастан азаматтар әлі күнге дейін сотқа орыс тілінде шағымданады. Соның салдарынан сотта қаралатын істердің дені орыс тілінде.

Әсіресе, қаржы, экономика тілінің әлі күнге дейін қазақшаланбай келе жатқаны алаңдаушылық тудырмай қоймайды. Біздің еліміздегі банктер, қаржы ұйымдары, кәсіп иелері өз талабын орыс тілінде беруге дағдыланған. Олардың көпшілігі мұны экономика, қаржы саласы бойынша көмек көрсететін заңгер, адвокаттардың жоқтығымен, осы саладағы терминдердің толықтай қазақша аударылмауымен түсіндіріп жатады. Шындығына келгенде, сұраныс пен талап болса, адвокаттар мен заңгерлер аз ғана уақытта мемлекеттік тілді еркін меңгеруге, істерді қазақ тілінде қорғауға үйренер еді. Өкінішке қарай, азаматтар мұндай талап қоюдың орнына, адвокаттардың жетегінде кетеді. Осылайша іс тараптар жетік білетін тілде емес, адвокат терең меңгерген тілде қаралатынын сот тәжірибесінен көріп, біліп жүрміз. Сондай-ақ, сот тілін, оның ішінде экономикаға қатысты құқықтық терминдерді де бірізге түсіру аса маңызды.

Берік ҚОЖАХМЕТОВ,
Алматы облысы мамандандырылған экономикалық сотының төрағасы

ПАЙЫМ

Конституцияның 7-бабында мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені нақтыланған. Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі. «Тіл туралы» заңның талаптары сот саласының барлық сатыларында орындалуда. Сот талқылаулары, кіріс және шығыс хат-хабарлар мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Жоғарғы Сот басшылары да, мемлекеттік тілдің шынайы жан-

Ринат ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,
Алакөл аудандық № 2 сотының төрағасы

ҚАЗАҚ ПЕН ҚАЗАҚ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕССІН!

ашырлары ретінде, қазақ тілінің кең қолданылуына шын мәнінде жүйелі түрде қолдау көрсетуде. Соның дәлелі, 2022 жылдың 23 желтоқсанында Жоғарғы Соттың ұйымдастыруымен мемлекеттік тілге қатысты сот билігі, заң шығарушы және атқарушы тармақтарының қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Осы жылында өз алғай Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі мен жағдайы өз деңгейінде емес екенін айтып, дәлелдер мен мысалдарды алға тартты.

Шынында тәуелсіздік алғанымызға 30 жылдан асса да, заңдардың 99 пайызы әуелі орыс тілінде әзірленіп, қазақ тіліне аударылады. Оның өзінде аудармасы сапасыз, сөздері түсініксіз. Терминдер әр кодексте әртүрлі мағына береді. Осыдан келіп қазақ тілін құқық жүйесінде өз деңгейінде қолданбау мәселесі туындауда. Қазақстан

Конституциясы мен заңдарында тайға таңба басқандай жазылса да, шын мәнінде қазақ тілінің өрісі тарылып, құлашын кең жая алмай отыр. Өйткені, қазіргі сот өндірісінде жүргізілетін істердің әлі де болса 70 пайызы орыс тілінде өтеді. Сол орыс тілінде іс жүргізетін өзіміздің қазақ тергеушілері, қазақ адвокаттары, қазақ прокурорлары және қазақ соттары. Іске қатысушылар қылмыстық іс жүргізу бойынша жәбірленуші де, сотталушы да, іс жүргізу бойынша талапкер мен жауапкер де қазақ болса да, іс орыс тілінде жүреді.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыру тек Мемлекет басшысының немесе ғалымдардың ғана міндеті емес, барлық қазақстандықтардың міндеті. Қазақ тілі ең әуелі қазақтың өзіне керек. Сондықтан, мемлекеттік тілдің мерейін өсіруге бәріміз атсалысайық. Ол үшін басқаны былай қойғанда, қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін!

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» деуі көпшілікке үлкен салмақ салды, ой тастады.

Расында, ел тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетінің, мәдениетінің, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез келген мемлекет өзінің аумағында салт-дәстүрін, ана тілін айрықша қорғайды.

22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің күні ретінде атап өтілуі. Тіл – қатынас құралы. Тіл қашанда мемлекеттің табан тіреуінің тұғырлы темірқазығы. Тіл де жанды нәрсе сияқты, қалыптасады, дамиды, өркендейді, өседі немесе құлдырайды, кемиді, өшеді, жойылады. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – еліміздегі мемлекет саясатының ең маңызды бағыттарының бірі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халық даналығы. Ендігі мақсат – қоғам өмірінің барлық

саласында қазақ тілінің кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету.

Тіл – халықтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлттың ұлылығын танытатын басты күш. Ұлт болмысын ұғындырып, жалпы жұртты төңірегіне топтастырып, біріктіретін фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі деген жөн. Тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өзінің азаматтық міндетін атқарғанда ғана ол нәтижелі болатынына күн сайын көз жеткізіліп келеді.

Бүгінгі күні егемен ел ретінде әлем мойындаған Қазақстанның материалдық игілігін ғана емес, рухани құндылығын танып-білуге деген ынты-ықпал тереңдей түсуде. Осы ретте әлем жұртшылығына тілін қадірлейтін, салт-дәстүрі мен тарихын ұмытпайтын халық ретінде танылғанымыз абзал. Өйткені, тамырынан ажыраған жұрттың ешкімді қызықтырмасы белгілі.

Р.ИСМАИЛОВА,
Тараз қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Штен шыққан жау жаман». Патшалық Ресей дәуірінде бізді салт-дәстүрімізден наным-сенімімізден айыру үшін белгілі бір топтардың түрлі әдіс-айланы қолданып, ілім-білімнен алыстатып, ғылымнан шет қалдыру жоспарына ең бірінші боп қарсы тұрған Алаш арыстары еді. Олардың ұйқыдағы халқын ояту мақсатында жасаған іс-әрекеттері әшкереленіп, большевиктер билікке келген соң түгелдей қуғын-сүргінге салды. Одан кейін де бізде мүмкіндіктер болды. Бірақ оны біз жүзеге асыра алмадық. Басқаны былай қойғанда, тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде де біз тарихымызды, мәдениетімізді, әдет-ғұрпымызды ысырып тастап, дінге көп назар аударып кеттік. Негізінде бір-бірімізді өліммен қорқытып, үркіте отырып, осылай дінге қатысы жоқ адамдардың назарын дінге аудардық. Тіпті, сол адамдардың өзі көп нәрсені өздері де түсінбей отыр.

– Ата Заңдағы зайырлы мемлекеттіз деген сөз ше?

– Қазір зайырлы мемлекет деген деп көшеде кетіп бара жатқан адамнан сұрасаңыз, екіншісі «мемлекеттің дінге, діннің мемлекетке қатысының болмауы, бір-бірінің ішкі ісіне қол сұғылмауы – зайырлылық» дейді. Біздің зайырлы мемлекет деген түсінігіміз шектеліп, осы анықтамамен қатып қалған. Біз дінді зайырлы мемлекет деген сөзден кейін екінші орынға шығарып алдық. Әдет-ғұрып, дәстүр, мәдениет сабақтас-тығының бәрі жайына қалды. Зайырлы мемлекет бір бөлек, дәстүріміз бір бөлек, дініміз бір бөлек болып, әрқайсысы бір-біріне қатысы жоқ бөлек-бөлек дүние болып кетті. Оны діннің ішінде жүрген деструктивті ағымдар жақсы пайдаланып кетті. Жеме-жемге келгенде деструктивті ағымдар «анау харам, мынау харам» деп дәстүрдің быт-шытын шығарды. Оған мемлекет те, зайырлылық та ештеңе демеді. Тек домбыра харам дегенде ғана қайта ояңғандай болды. «Домбыра харам болса, қазақ та харам. Домбыра өлсе, қазақ та өледі» деп шықты. Қарсылықты баяғыда бастау керек еді. Өйткені, біздің мәдениетімізге, дәстүрімізге, әдет-ғұрпымызға тыйым салуға ешкімнің құқысы жоқ. Біз үндемей отырдық. Зайырлылық деп жүрген дінтанушы профессорларымыз да, басқалар да. Ал теологтар екібастан үндемейді. Біз осы екі ортада солай уақыт жоғалтып алдық.

– Ислам дінін зерттейтін арнайы орталық керек пе?

– Ислам дінінің пайда болғанына 1,5 мың жыл болды. Ол қазақтар бізді қашан зерттейді деп күтіп отырған жоқ. Меніңше, ондай зерттеу орталығының әзірше керегі жоқ. Оны осы уақытқа дейін зерттеген қаншама ғалым, ғұлама бар. Солардың еңбегін оқып, зерттеп, талдауға көңіл бөлген дұрыс.

– Қарау үшін де зерттеу керек қой?

– Кім зерттейді, айтыңызшы? Бізде онсыз да Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы деген мекеме бар. Олардың зерттеуіне кім кедергі? Барды тиімді пайдаланудың орнына, жаңадан тағы бірдеңе құрғаннан ештеңе өзгермейді. Аты дардай университеттің ішінде ғалымдары да, Ғылыми кеңесі де, Диссертациялық кеңесі де, докторантура, магистратурасы

да бар ғой дінді зерттеймін десе. Ондағы магистрант, докторанттарға діннің күрделі тақырыптарын неге зерттеуге бермеске?

– Карл Маркстің «Дін дегеніміз – халықтың басын айналдыратын апиын» деген сөзі қалай пайда болған?

– Оны алғаш рет Жан-Жак Руссо «Юлия» деген романында пайдаланған. Алайда оны кімдер, қандай мақсатта Карл Маркске теліп кеткенін білмедім. Әрине, дінді дұрыс пайдаланбаса, пиғылы дұрыс емес адамның артынан еріп кететіндер барлық елде де болады. Сондықтан дінді мәдениеттен, салт-дәстүрден бөліп, жеке қарастыруға болмайды.

– Діннің халықтың басын біріктіруге қарағанда ажыратушы рөлі басым болып бара жатқан жоқ па?

– Бәрі өзімізге байланысты. Егер біз мықты, халқы ұйымшыл мемлекет құрып жатсақ, онда дін көмекші. Ал дінді мәдениет пен салт-дәстүрден бөлек қарастыратын болсақ, онда, әрине, дін бүкіл халықтың басын бір тудың астына біріктіре алмайды.

– Зайырлы қоғам деп Конституцияда белгілеп қою оған кедергі болып отырған жоқ па?

– Біздегі зайырлылық ұғымының ішінде діннен басқа ештеңе жоқ. Қатып қалған бір ғана принцип – дін

Көкімжан БИШМАНОВ, ДІНТАНУШЫ:

ДЕСТРУКТИВТІ АҒЫМДАР «АНАУ ХАРАМ, МЫНАУ ХАРАМ» ДЕП ДӘСТҮРДІҢ БЫТ-ШЫТЫН ШЫҒАРДЫ

бізге кірмейді, біз дінге кірмейміз болды. Бәрінің айтатыны дін, соны зайырлық деп ойлайды. Ол зайырлық емес. Оның ішінде көптеген азаматтық қоғам институттары бар. Олардың өз принципі бар. Өкінішке қарай, олар туралы көп айтылмайды. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілмейді.

– Кейбіреулер деструктивті деп жүрген салафизм, уахабизм сияқты ағымдар туралы не айтасыз?

– Діни ағымдар, дәстүрлі, дәстүрлі емес болуы да мүмкін. Деструктивті ағымдар деген мүлде бөлек. Қоғамға, зайырлыққа қарсы әрекеттерімен көзге түскен діни ағымдарды деструктивті дейді. Өкінішке қарай, сіз айтып отырған ағымдар бізде ол тізімге енгізілген

жоқ. Оларды сотқа ешкім берген жоқ. Сондықтан олардың біздің қоғамда ресми түрде тіркеліп, жұмыс жасауға құқысы бар. Дегенмен, деструктивті ағымдарға қатысты бұл ахуал дұрысталып, оң шешімін табуын шығар деген үмітіміз де жоқ емес.

– Қазір олар қандай ұйымның жамағаттың ішінде жүр?

– Олар да жұрт сияқты мешітке жұма намазға барады. Олар да Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарайды және ол жерде уағыз айтатын кім – Имам! Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тағайындаған имамға мешітке кедергі жасайтын кім? Сондықтан ондай шағым ең бірінші сол имамдардан түсуі керек. Біздің жамағатқа мына адамдардың осындай кесірі

тиіп отыр. Біздің жұмысымызға кедергі келтіреді, осындай әрекеттер жасайды дейтін болса құзырлы органдар деструктивті ағым мүшелерін оңай анықтап, олардың іс-әрекетін қатаң бақылауға ала алады.

– Жұртшылық арасында қызу пікірталас тудырып жатқан Мәжіліс депутаты, айтыскер Ринат Зайытовтың «Алаяқтардың 80 пайызы намаз оқиды» деген сөзімен келісесіз бе?

– Зайытовтың 80 пайызын түсінген адам түсінді, түсінбеген адам түсінген жоқ. Ондай алаяқтарды мен де көрдім. Діннің атын жамылып, «мен намаз оқимын. Маған өтірік айтуға болмайды. «Құдай жолында жүрген адаммын» деп дінге жат, адамгершілікке теріс әрекетін бүркемелейтіндер жиі кездеседі. Ал олардың үлесі 80 пайыз ба, 10 пайыз ба? Оны нақты айта алмаймын. Оған депутаттың өзі жауап берсін. Қолында қандай аргументі, мәліметі бар екен. Әйтсе де, Ринат Зайытовтың сөзінен кейін қоғам екіге бөлініп кетті дегенмен де келіспеймін. Олар әлеуметтік желіде белсенді болуы мүмкін. Студенттерге дәріс оқытын оқытушы ретінде де, қоғамның бір өкілі ретінде де өз басым бас жарып, көз шығаратын айтыс-тартысты ешқайдан көріп отырған жоқпын. Біреуді шашпауын көтеріп, алашапқы болып жүрген ешкім жоқ. Ал әлеуметтік желіде түрлі жазба қалдырып, кейбір адамдардың бір-

бірінің бетін тырнауы басқа мәселе.

– Мектепте оқушы қыздардың хиджаб киюіне қатысты мәселе жылда көтеріледі. Бұл қаншалықты дұрыс?

– Расында бұл әңгіме күзде жыл сайын қайталанатын ескі аурудың бірі. Ол тақырыпты қозғап жүрген негізінен журналистер қауымы. Мектепке бала білім алу үшін барады. Хиджаб мәселесі жыл сайын айтылады да қояды. Оған көңіл бөлмеу керек. Көңіл бөлген сайын олар өзін қоғамнан бөлек етіп көрсетуге тырысады. Хиджабты қолдаушылардың арасында арабша екі ауыз сөздің басын қоса алмайтындар да бар. Өзінің сенімін тықпалап, кішкентай балалардың обалына қалуға болмайды. Баласын сурет салмайды, дене шынықтыру пәніне, анағанына қатыспайды деп қатарынан қалдырып, кем қылуға да болмайды. Хиджаб киіп барғанда баласы мектепте жақсы оқып кете ме, әлде сонысымен өзгелерден артық қылам дей ме екен? Мұндай адамдарды өз басым түсінбеймін. Білім беру мекемесі бекіткен мектептің өз формасы бар. Біз зайырлы қоғам құрып жатқан мемлекеттіз. Дін заңы зайырлы мемлекеттің мектебіне кіре алмайды.

– Соңғы халық санағында дінге сенетіндер үлесі елімізде азайып келе жатқаны белгілі болды. Кейбір сарапшы-

лар бұл үрдіс бізде ғана емес, әлемнің дамыған және дамушы елдерінің көбіне тән жағдай дегенді айтуда. Бұл мәселе туралы пікіріңіз қандай?

– 10-15 жыл бұрын ислам дінінде жүргендер әлемде 700 млн-ға жуық болған еді. Қазір 1, 2 млрд адамға жетті. Азайған үрдісті қайдан көріп тұрсыз? Дінге сенетіндер саны барлық елде өсіп жатыр. Дүниежүзіндегі халық саны да жыл сайын өсуде. Бүгінде бұл сан 7 млрд-тан асып кетті. Қазақстанда басқа дінге кетіп жатқандар біздің мұсылман жамағаты арасында басым. Өзге дін өкілдері бізге шетелден кеп жатқан жоқ. Қазір қарағөздеріміз барлық конфессияда жүр. Мен бұл арада ресми түрде тіркеліп жұмыс жасап жатқан соң бәрінің атын атамай-ақ қояйын. Өз басым, басқа дінге ауысып жатқандарға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан ақпараттық-насихаттық, түсіндіру жұмысы жүргізілгенін көрген жоқпын. Тіпті, олардың «мектептегі оқушы қыздар мына түстегі орамал тартуына болады» дегенінің өзі дұрыс емес. Егер балаларды діни сенімі бойынша ала-лайтын болсақ, ел ішінде алауыздық туады. Бұдан кейін әр конфессия өкілі балаларға өздерінің діни киімін ұсынбасына кім кепілдік бере алады.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

ТАЛАП ҚОЮЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕГІ ҮЛЕСІН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Қазақ тілі – тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілі. Шығыстанушы-түрколог В.Радлов жазбаларының бірінде «Әлем тілдерінің ішінен тек үш тілдің ұлылығын мойындадым. Ол – орыс, француз және қазақ тілі», – деп көрсеткен деседі. Шын мәнінде, қазақ тіліміз әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, шұрайлы тілдің бірі. Қазақ тілінің сөздік қоры 2,5 миллион сөзден тұрады. Енді мына қызыққа қараңыз, Шекспир мен Байронның бүкіл шығармасының сөздік қорында 15 мың сөз болса, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында 17 мың сөз қолданылған екен. Сондықтан, анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған, осынша бай тілімізді білмеу, біле тұра сөйлеуімізге сын.



Осы орайда, соттарда да мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттырып, мерейін өсіру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізу күн тәртібінен түспейтіндігін атап өткен жөн. Алайда, елімізде атқарылып жатқан белсенді жұмыстарға қарамастан, қазақ тілі заңмен бекітілген

негізгі тіл функциясын толық атқара алмай отыр.

Жоғарғы Сот тарапынан тілімізді өз тұғырына қондыру – баршамазға ортақ міндет екені, сот процестерінің 70 пайызы орыс тілінде екендігі үнемі айтылып келеді. Өткен жылы бас

қалада өткен «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев «Тіпті кей өңірлерде, мәселен, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстары мен Алматы соттарында қазақ тілінің үлесі 5 пайыздан аспайды. Бұл жерде мәселе тек соттарда десек қателесеміз», – деген еді.

Иә, заңгерлердің көмек сұрап келгендерге орысша шаблон беруі, мемлекеттік тілде дайындалған үлгілердегі сансыз қателер, орыс тілінде талап қоюда берген тараптардың процесс барысында бір ауыз орысша сөйлей алмауы секілді мәселелермен соттар бетпе-бет келіп отырғаны жасырын емес. Тіпті, талап қоюшылар арасында «Менің құқығымды қазақтілді емес, орыстілді заңгер жақсырақ қорғайды» деген жаңсақ түсінік қалыптасып кеткені ашы да болса шындық. Сонымен қатар, әлі де мемлекеттік органдар мен мекемелердің сотқа талап арызды орысша жолдауы жиі кездеседі. Сондықтан, туған тілді қорғау маңызды екенін айта отырып, басқа органдар да бұл мәселеге бейжай қарамауы тиіс деп білемін. Оның үстіне, заңнамалардың алдымен орыс тілінде дайындалуы, мемлекеттік тілде дайындалған күннің өзінде мәтінің түсініксіз, шұбалаңқы жазылуы

көңіл жабырқатады. Ал, ел тізгінін ұстаған азаматтардың қазақ тілінде сөйлей алмай күмілжігенін әлеуметтік желі мен БАҚ беттерінен жиі көзіміз шалатыны тағы бар.

Бүгінде қазақлықтың қаймағы бұзылмай, салт-дәстүрі кеңінен сақталған Маңғыстау өңірінде қазақ тілінің тынысы мен қолданыс аясы кең екенін мақтанышымен айта аламыз. Мәселен, Маңғыстау соттарында сот процестерінің басым бөлігі мемлекеттік тілде өткізіліп, құжат айналымдары толығымен қазақ тілімізде жүргізіліп келеді. Оның үстіне, соттарда облыс көлемінде талап қоюлардың мемлекеттік тілдегі үлесін арттыру маңызды екендігі насихатталып, мемлекеттік және құқық қорғау органдары өкілдері, адвокат, медиатордың қатысуымен жиі талқылануда.

Сөзімді Қадыр ақынша қорытындылайтын болсам, «Ана тілі – арың бұл, ұятын боп тұр бетте, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте». Сондықтан, ең алдымен мемлекеттік тіліміздің мерейін өсіріп, төл тіліміздің мәртебесін асқақтатайық!

Жазира МУХАМЕТОВА,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

КЕЛБЕТ

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Ұстаз, ғалым, генерал Бәрімбек БЕЙСЕНОВТИҢ туғанына 100 жыл. ҚР ИМ Қарағанды академиясы айтулы азаматтың 100 жылдық мерейтойын халықаралық көлемде атап өтті.



Бойына халқымыздың ізгілігі мен іскерлігін, дарқандығы мен кеңдігін, адалдығы мен жайсаң мінезін сіңіріп өскен абзал жанның бірі – Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсенов. Б.Бейсенов көзі тірісінде Ішкі істер министрлігіне қарасты Қарағанды жоғары мектебін (қазіргі Қарағанды академиясын) қаншама жыл басқарып, соның іргетасын қалап, білім ошағының деңгейі мен абыройын биіктету жолында бар күш-жігерін салған жан. Кеңес кезінде мектеп ашып, ол арқылы Қазақстан тіпті бүкіл Орта Азия көлемінде Қарағандының абыройын аспандатты.

Дәрежесін тізбектей айтсақ, ол – Ұлы Отан соғысының ардагері, құқық профессоры, әділет генерал-майоры, ҚР заң ғылымдары қоғамдық академиясының вице президенті. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлік ерліктері үшін 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Праганы азат еткені үшін», «1941–1945 жылдарында Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және басқа да медальдармен марапатталған.

Ерен еңбектері, ұстаздық тәжірибесі мен ғылыми-зерттеуге ұмтылысы ескеріліп, билік Бәрімбек Сәрсенұлына Қарағанды қаласында милиция кадрларын даярлайтын алғашқы оқу орталығын ашуды жүктеген-туғын. Осылайша 1969 жылы КСРО ИМ Москва Жоғары милиция мектебінің Алматыдағы күндізгі-сырттай оқыту факультетінің негізінде Сарыарқа жерінде КСРО ИМ Қарағанды жоғары мектебі құрылды.

1969 жылы Қарағанды жоғары мектебі ашылды. 1992 жылы оқу орны ҚР Ішкі істер министрлігінің қарамағына көшті.

1996 жылы Қарағанды жоғары мектебіне тергеу және ішкі істер органдарына кадрлар даярлау міндеті жүктеліп, ол ҚР Мемлекеттік тергеу комитеті органдары жүйесіне берілді. 1997 жылы мектеп ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүйесіне берілді. ҚР Президентінің 1999 жылғы 6 мамырдағы Жарлығына сәйкес мектеп ҚР ИМ органдары жүйесіне берілді. Осы жылы 27 қыркүйекте жоғары оқу орны ҚР Ішкі істер министрлігінің Қарағанды заң институты деп аталды.

2001 жылы ҚР Ішкі істер министрлігінің Қарағанды заң институтына оның алғашқы бастығы және негізін қалаушы, құқық профессоры, әділет генерал-майоры Бәрімбек Бейсеновтың есімі берілді.

ИМ Қарағанды академиясы Ардагерлер кеңесінің төрағасы, отставкадағы ішкі қызмет полковнигі Шернияз Ісләмұлы өзінің естелігінде: «Мен Бәрімбек Сәрсенұлымен бірге жұмыс жасаған жылдарымды өмірімнің алтын кезеңі деп есептеймін. Б. Бейсеновтің – біздің түлектеріміз келешекте биіктен көрінетін болады, деген сөздері әлі есімде. Бүгінде біздің түлектеріміз Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар ТМД елдерінде де беделді лауазымдарды атқаруда. «Күнделікті қызмет сіздерден рухани, адамгершілік тұрғыда мобилизациялануды, төзімділікті және жан-жақты дайындықты қажет етеді. Бұл қатал, қиын және ауыр жұмыс. Жұмыс орындарында көптеген нәрселерді қайта үйренуге тура келеді. Мектепте алған білімдеріңіз өмір бойы жетеді деп ойламаңыз. Осында нашар баға алуға болар еді, ал өмірде қайтадан емтихан тапсыруға болмайды», – дейтін Бәрімбек Сәрсенұлы. 1973–1976 жылдары екі жатақхананың,

қойма бөлмелері, гараж және баспахана ғимараттарының құрылысы толықтай аяқталып болғаннан кейін Бәрімбек Сәрсенұлы енді, асхана мен спорт кешенін салу керек деген соң біз құрылысты бастап кеттік. Академияның мұражайында сақталып тұрған Бәкеннің жұмыс күнделігін қарасақ, ол жерден оның сызбаларын, есептеген кірпіштерін, цементтердің қаптарын және басқа да құрылыс үшін керек жарақтарының есептерін көре аламыз...»



Бәрімбек Сәрсенұлы аса үлкен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында оқу орнын замана талабына бейімдей алды. Ертеңін ойлай білген сұңғыла азамат оқытушы-профессорлар құрамын құрап, ұжымды сақтай білді. Өмірінің соңына дейін қоғамдық және мемлекеттік қызметке белсенді араласты.

Бәрімбек Сәрсенұлы көптеген адамдардың есінде өшпес із және орасан зор мұра ретінде өзінің ғылыми еңбектерін, шәкірттерін және ең маңыздысы – ИМ Қарағанды академиясын қалдырды.

Академия басшылығы кейінгі ұрпаққа өнеге болу үшін генерал-майор Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновтің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында ол туралы материалдарды жинақтап кітап басып шығарды. Кітапта еліміз бен алыс-жақын шет елдердің ішкі істер органдары мен мемлекеттік заң шығарушы органдарында қызмет атқарған, әлі де атқарып жүрген белгілі тұлғалардың, ардагерлердің, академия түлектерінің Бәрімбек Бейсенов жөніндегі естеліктері жинақталды. Қайыспас қара нардай бейнесі қазір Қарағанды академиясының биік төрінен көрінеді.

Мейрейтойдың алғашқы күні арнайы жасалған бағдарламаға сәйкес, алыс-жақын шетелден келген қонақтардың Б.Бейсенов ескерткішіне гүл

шоқтарын қоюдан басталды.

Бәрімбек Бейсеновтің 100 жылдығына арналған «ІІО қызметкерлерін даярлау: мұра, тәжірибе және перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Конференцияда ведомстволық білім берудің тарихы мен болашағы; білім алушылармен тәрбие және идеологиялық жұмыс; қазіргі жағдайда арнайы жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесін жетілдіру; жалпы заңгерлік және арнайы пәндерді оқытудың заманауи тәсілдері тақырыбында мәселелер қарастырылып, арнайы қонақ ретінде шақырылған Сауд Арабиясы, Үндістан, берісі Украина, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстан ғалымдары бүгінгі күні өзекті деген өз ойларынмен бөлісіп, көпшіліктің талқысына салды. Кеш қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізілді.

Форумды Қарағанды академиясының бастығы, полиция

генерал-майоры Ақынғали Дәрменов ашты. Одан кейін құттықтау сөздерімен Сауд Арабиясы Корольдігінен арнайы ат басын бұрған Король Фахда қауіпсіздік колледжі бас директорының орынбасары генерал-майор Dr. Халед Саад Алсархани, Раштрия Ракша – Үндістан университетінің халықаралық ынтымақтастық, қауіпсіздік және стратегиялық тілдер мектебінің директоры, Калининко Игорь – Ресей ИМ В.Я.Кикот атындағы Мәскеу университетінің бастығы, полиция генерал-лейтенанты, Васильев Александр – Беларусь Республикасы ИМ академиясының бастығы, милиция генерал-майоры, Рустамбаев Мирзаюсуп – Өзбекстан Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік университетінің бастығы, полиция полковнигі, Қырғыз Республикасы Е.Алиев атындағы Академияның бастығы, полиция генерал-майоры Абитов Тариэл сөз сөйледі. Оларға мерейтой иесіне арнап шығарылған мерекелік төсбелгі мен кітап тапсырылды.

Осы мерекелік іс-шарада 1-курс курсанттары ІІО-ның антын қабылдады. Мерекеде көпшілік қауымға әскери-тактикалық ойындар көрсетілді.

Елеужан СЕРІМОВ, отставкадағы полиция полковнигі

БІЛГЕН ЖӨН

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қарсы талап – бұл талапкерге жауапкердің бастапқы талапты есепке алуға бағытталған тәуелсіз талап қою арызы.

ҚР АДЖК сәйкес жауапкер істі сот талқылауына дайындау аяқталғанға дейін шағым иесі бастапқы талаппен қатар қарау үшін қарсы талап қоюға құқылы. Егер жауапкер істі сот талқылауына дайындау уақыты мен орны туралы тиісінше хабарламау себебінен істі сот талқылауына дайындау сатысына қатыспаса, қарсы талап қою сот талқылауы барысында қабылдануы мүмкін.

Қарсы талап қоюды қабылдау шарттары:

- 1) қарсы талап бастапқы өтінішті есепке алуға бағытталған;
2) қарсы талап қоюды қанағаттандыру бастапқы талап қоюды толық немесе ішінара қанағаттандыруды болдырмайды;
3) қарсы талап-арыздар бен бастапқы талап-арыздар арасында өзара байланыс бар, ал оларды бірлесіп қарау дауларды тезірек және дұрыс тексеруге әкеледі. Қарсы талап қойылған істі қарау және шешу мерзімінің өтуі істі негізгі өтініш бойынша сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап есептеледі.

ҚР АДЖК-не сәйкес судья осы соттың іс жүргізуінде бір тарап қатысатын бірнеше біртекті істер не бір талапкердің әртүрлі жауапкерлерге немесе әртүрлі талапкерлердің бір жауапкерге талап қоюы бойынша бірнеше істер бар екенін анықтайды. Бұл істерді өз қалауы бойынша не тараптардың өтінішхаты бойынша бір іс жүргізуге екіжақты келісім болса біріктіруге құқылы.

Істі қарау мерзімі бір талап екіншісінен бөлінгеннен кейін бөлінген талап бойынша істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап есептеледі.

Істерді бір іс жүргізуге біріктіргеннен кейін қарау мерзімі істі бұрын мәлімделген талап бойынша сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап есептеледі. Бірнеше талап қою талаптарын қосу немесе ажырату туралы ұйғарым шағымдануға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымда, прокурордың өтінішінде көрсетілуі мүмкін.

А.СҮЛЕЙМЕНОВА, Шахтинск қалалық соты әкімшісі сот отырысының бас маманы-хатшысы ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ

ӘДЕПТЕН ОЗБАЙЫҚ!

Әдеп кодексінің басты міндеті – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу мен жауапкершілік деңгейін арттыру. Мемлекеттік қызмет жүйесінде әдеп нормаларын сақтау ерекше орын алады.



А.ИПАНОВА, Ақтөбе қалалық соты әкімшісінің бас маманы

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметші адал, қарапайым, әділ болуы, жалпы қабылданған моральдық этикалық нормаларды сақтауы, азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуы тиіс. Өйткені, мемлекеттік қызметшілердің бойында осы моральдық ұстанымдардың болмауы түбінде жағымсыз құбылыстарға, құқық бұзушылықтарға, жемқорлыққа алып келеді. Мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық қағидаларын реттейтін мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін басшылыққа алуға міндетті. Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге бағыт-бағдар беруге арналған.

Қызметтен тыс уақытта да мемлекеттік қызметші қабылданған әдептілік нормаларын сақтаулары, азаматтармен ұжымда сөз сөйлеуде сыпайылық пен әдептілікті ұстанулары қажет. Мемлекеттік қызметші жан-жақты дамыған тұлға болуы тиіс және үнемі сапалы өмір салтын ұста-

нуы, отбасы құндылықтарына насихаттауы қажет деп есептеймін. Әдеп кодексі халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара жоғары мәдениет қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуына бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдеби мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде.

Азаматтармен өзара қарым-қатынас тиімді мемлекеттік аппараттың негізгі өлшемдерінің бірі. Сондықтан да мемлекеттік қызметші әркез қызмет көрсетудің жоғары талаптарына сәйкес келуге тиіс. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі нормаларын сақтауы бойынша қатаң талаптар енгізіліп, тікелей бақылауда болып және үнемі Әдеп жөніндегі уәкілмен тексеріледі.

Мемлекеттік қызмет туралы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдардың талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы тиіс.

ТАҒЫЛЫМ



Қазақта қадір тұтқан тұлғаны, үлгі еткен азаматты «Аға» деп ардақтайды. Бұл қасиетті сөз тек қана туыстықпен емес, тағдыр жолы қиысқан әріптестікпен де ұштасады. Сондай жанның бірі – сот жүйесінің ардагері Қайыргелді Темірбаев.

Қайыргелді аға еңбек жолын 1971 жылдары Қазалы аудандық сотында сот

«АЗАМАТ ЖОЛЫ - АР ЖОЛЫ»

отырысының хатшысы болып бастап, 1996 жылға дейін Жаңақорған аудандық халық сотында сот орындаушы, аға сот орындаушы, аға консультант, Қызылорда облыстық Әділет басқармасында бас консультант болып қызмет атқарған. 1996–2002 жылы Қызылорда облыстық сотының судьясы, 2002–2007 жылдары Сырдария аудандық сотының төрағасы болып қызмет атқарды. Міне, дәл осы жерде ағамен қызметтік жолым ұштасты.

Сырдария аудандық сотына 2003 жылы судья қызметіне келгенімде Қайыргелді ағаның еңбекқор, күрделі мәселені шешуге білек сыбана кірісетінін байқадым. Ол кезде сот істері автоматты емес, қолма-қол бөлінетін. Бірыңғай ауыр санаттағы істер маған түсіп, «ағай, мынау қалай болды?» – деген кезімде «Шынықсаң шымыр боласың. Осы кезден ысылып, оқып-біліп ізден. Сонда жан-жағың білімді адамды тез танып, біліп алады», – дейтін. Сол ақыл-кеңестің нәтижесі болар, осы дәрежеге жетіп, елмен тез аралас-құралас болдым.

Ағамыз өмірлік тәжірибесін айналасындағылармен бөліскенді, ізінен ерген іні-қарындасына жол көрсеткенді жаны сүйетін. Ұжымдық жиындарда әрқашан да алдыңа келген адамның ар-ожданы мен тағдыры

тең тұру керек дейтін. Сондықтан болар әр ісінен әділдіктің иісі шығып тұратын.

Сонымен қатар, ұжымдағы ахуалды күнделікті бақылып, әр қызметкердің бір-бірімен үйлесе жұмыс жасауына, ауызбіршілікте болуына ықпал жасап отыратын. Қызметтік немесе жеке мәселелерімен келген әр адамға жылы қабақ танытып, бірінші болып көмек қолын созуға дайын тұратын. 2007 жылы Сырдария аудандық сотынан кейін бірнеше аудандық сотта төрағалық қызмет атқарды. Ол уақытта да бізден ақыл-кеңесін аямады.

«Азамат жолы – ар жолы» деп, Бауыржан атамыз айтқандай, ағамыздың азаматтығы бір бөлек. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп жүретін ардақты ағамыз қазіргі таңда құрметті демаласына шықса да аймақтың, оның ішінде сот жүйесінің шараларына белсене араласып, қоғамдық жұмыстан қол үзбей келеді. Бүгінде ұрпағы қанат жайған бір әулетке пана, елге ақылман дана, шәкірттеріне үлгі тұтар аға болып отырған осындай ағалар ақылын айтып арамызда ұзақ жүрсін!

Ермек ТҰРБАЕВ, Қызылорда облыстық сотының судьясы, әріптес інісі

ТАТУЛАСУ - ТИІМДІ ИНСТИТУТ

Қазіргі таңда сотта бітімге келдім, іс татуласу арқылы шешілді дегенді жиі естіп жүрміз. Бұл сөз тектен-тек емес. Сотта қос тарапқа өз уәждерін айтумен қатар, сот залынан қол алысып бір ымыраға келу құқығы берілген. Демек, сот тек қана жаза тағайындайтын орган емес, күн сайын дауласқан тараптарды бітімге шақыратын үлкен институтқа айналып келеді деген сөз.

Шын мәнісінде өзіндік сара жолы бар қазақтың көне заңдарында дау шешуші би алдымен жазалауға емес, дауды келісіммен аяқтауға аса мән берген. Себебі, қазақта «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген қанатты сөзбен қатар, «Дау мұраты бітім» деген тәмсіл де қалған.

Бабалардан бүгінге мұра болған осы төл өнер ұрпақ бойына сіңіп, құқықтық мемлекетіміздің басты ұстанымына айналды.

Оған бірден-бір дәлел «Медияция туралы» заң. Себебі, аталған заңның 9-бабында ҚР Азаматтық процесстік кодексіне және ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сотта татуласу рәсімдерін жүргізу кезінде судьялар медиатор қызметін қоғамдық негізде жүзеге асыра алады делінген.

Татуласу келісімі бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот шешім шығару үшін шығып кеткенге дейін, сондай-ақ сот актісінің орындалуы кезінде де жасалуы мүмкін. Татуласу келісімі басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүд-

делерін бұза алмайды және заңға қайшы келмейді. Татуласу келісімін сот (судья) бекітеді.

Партиципативтік рәсім судьяның қатысуынсыз «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР заңына сәйкес екі тарап адвокаттарының не заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын адамдардың жәрдемдесуімен дауды реттеу бойынша тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы өткізіледі.

Сондай-ақ, татуласу шараларының қайсысын қолданса да жеңілген тараптың болмайтынын түсінген жөн.

Алдымен тараптар арасындағы қалыптасқан негатив пікірлер мүлдем жойылады, сыйластық сақталады. Артық сот шығындарынан арылады (өкілдің қызметі, кәсіби медиаторлардың ақысы, сараптама т.с.с.). Сонымен қатар, талап қою кезіндегі мемлекеттік баж сомасы кері қайтарылады. Ал одан да ең тиімдісі – уақыттың үнемделуі.

Сотқа дейінгі хаттама келесі жақтың дәлел-дәйегімен танысқан азаматтардың ойла-



Салтанат УМАРСЕРИКОВА,
Қызылорда облысының
мамандандырылған
ауданаралық
экономикалық сотының
судьясы

нуына, оң шешім қабылдауына сеп болады. Хаттамада тараптар өз талабының немесе қарсылығының негізін, дәлелдерін хаттамада көрсете алады. Себебі, Азаматтық процесстік кодекстің 73-бабының, 1-бөлігінде дәлелдемелерді тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сатыдағы сотқа олар сотқа дейінгі хаттамамен жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде ұсынады. Онда тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың олар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі.

Салыстырмалы түрде алғанда дауды екі ай бойы даулағаннан, сот ісі қозғалмай тұрып дауды аяқтағанның тиімділігі осы.

ТӘРБИЕ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

«Ел болам десең – бесіңді түзе» деген нақыл сөзді жазушы Мұхтар Әуезов айтқан. Жалпы, адамзат қай уақытта болмасын баланың тәрбиесіне әрдайым ерекше назар аударған. Өйткені адамзат үшін ең басты құндылық – әрине, оның отбасы. Ал отбасының ең маңызды қызметінің бірі – балаға дұрыс тәрбие, түзу бағыт-бағдар беру.

Отбасы берген тәрбиені ешбір қоғамдық тәрбие алмастыра алмайтыны белгілі. Дана қазақ халқы ұрпақ тәрбиесін – елдің болашағы, ұлттың, халықтың келешегі деп таныған. Бір сөзбен, отбасы – шағын мемлекет деп те бекер айтылмаса керек.

Алайда, қазіргі таңда әртүрлі жағдай кездесіп тұрады. Мәселен, отбасын құрған ерлі-зайыптылар бірін-бірі түсінбей, ренжісіп, соның салдарынан ажырасып, екі жаққа кетіп жатқан жағдайлар да аз емес. Ал мұндай жағдайда тек ортадағы балалар моральды тұрғыдан қатты зардап шегеді.

Мәселен, Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотындағы, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында жеке

тұлғалардан түскен талап-арыздардың негізгі бөлігі төмендегідей:

- кәмелетке толмаған балаларды асырау үшін алимент өндіру;
- алимент мөлшерін азайту;
- баланың тұрғылықты жерін анықтау;
- ата-ана құқығынан айыру туралы талап-арыздардан тұрады.

Жоғарыда көрсетілген санаттағы азаматтық істердің саны, өкінішке орай, күннен-күнге өсуде, көбеюде. Бұл құбылыс әрине жаныңды қынжылтады. Өйткені, сәби өмірге бақытты болу үшін келеді. Толық отбасында, ата-аналарының қасында әрбір бала жарқын өмір сүруі керек. Сондықтан, неке бұзу бойынша сотқа жүгінген ерлі-зайыптылар, арыз бермес бұрын ең бірінші баланың рухани жағдайын, оның толыққанды отбасында өсуін, болашағының жарқын болуын ойлаған жөн деп есептеймін.

**Оңғар МАМЫТ,
Жамбыл облысы
кәмелетке толмағандардың істері
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының
жетекші маманы**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстау облысының балық шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысымен акваөсіру (балық шаруашылығы) саласындағы инновацияларды енгізу және тарату жобаларын жергілікті бюджеттен қаржыландыруға конкурс жариялайды. 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 148 «Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі № 213 қаулысына өзгерістер енгізу туралы. Маңғыстау облысының кешені».

Мекенжай: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, 1 ғимарат, 116-кабинет.

Анықтама үшін байланыс телефондары: **8/7292/46-26-68, 8747384-20-96.**

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

9. «STDI Capital» ЖШС, БСН 080340004126 (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қабдолов көшесі, 22Б үй), жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде жазбаша нысанда мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қабдолов көшесі, 22Б үй. Тел.: 87471705534.

ТАРАТУ

2. «Сатпаев-23/2» тұрғын кешенін басқару органы» қоғамдық бірлестігі (БСН 180540001873) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, «Пригородный» тұрғын үй алабы, Новый Аэропорт көшесі, 111 үй, 513 пәтер.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Түрген ауылының «Василек» балабақшасы» МКҚК (БСН 030440004488) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Түрген а/о, Түрген ауылы, Жастар көшесі, құрылыс 19.

4. «Gold Enterprise» ЖШС, БСН 171240009839, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 2 үй, 463 пәтер. Тел.: 87015266476.

5. «Зейнеб К» ЖШС, БСН 130440032672, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Розыбакиев көшесі, 279 үй, 79 пәтер.

6. Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, БСН 230940016203, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 100200, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Нарманбет көшесі, 6.

7. «Balmaganbet» ЖШС, БСН 190340002152, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Атырау қаласы, Демеш Бірмағамбетов көшесі 7, Жұлдыз 2, тел.: 87785686735.

8. «Lux dental plus» ЖШС, БСН 220940018505, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Демеш Бірмағамбетов көшесі 7, Жұлдыз 2, тел.: 87785686735.

10. Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, «Қараағаш бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 051240010937, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Абай көшесі, 37, тел.: 87103021059.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН:
292 43 43, 8 708 929 9874

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIFOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

